



Астана қаласы
Әдістемелік орталығының
басшысы С. Дауешова



«Зерделі»
ақыл-ой дамыту мектебі» ЖШС
директоры Ы. Мәуіт

**Астана қаласының білім беру ұйымдарының
қазақ тілі мен әдебиеті және математика пән мұғалімдеріне арналған
«Ой-сандық»: оқу & математикалық сауаттылық - табысты
синергия» қалалық жарысын өткізудің ережесі**

Осы ереже «Ой-сандық»: оқу & математикалық сауаттылық - табысты синергия» қалалық жарысының (бұдан әрі - «Ой-сандық» жарысы) мақсатын, міндеттері мен құрылымын және оны өткізудің тәртібін анықтайды.

1. Жалпы ережелер

1.1. «Ой-сандық» жарысы Астана қалалық білім басқармасының қолдауымен қалалық Әдістемелік орталықтың және «Зерделі» ақыл-ой дамыту мектебінің бірлесіп ұйымдастыруымен өтеді.

1.2. «Ой-сандық» жарысының негізгі мақсаты мен міндеттері – кіріктірілген тапсырмалар арқылы педагогтердің оқу сауаттылығы мен логикалық ойлау қабілетін арттыру, күрделі тапсырмалардың шешу жолдарын үйрету арқылы қолдау көрсету және ынталандыру.

1.3. «Ой-сандық» жарысы екі кезеңнен тұрады: іріктеу және қалалық. Іріктеу кезеңі әр ауданда бөлек өтеді, қалалық кезең бір жерде өтеді. Жарыс кезеңдерінің өтетін орны мен уақыты туралы ақпарат Әдістемелік орталықтың ресми дерек көздері (сайт, әлеуметтік желідегі парақшалар) арқылы алдын ала хабарланады.

1.4. Қалалық жарыстың тапсырмалары қазақ тілінде құрастырылады.

1.5. Жарыс - «Zerdeli App» платформасымен компьютерде өтеді.

**1. «Ой-сандық»: оқу & математикалық сауаттылық - табысты
синергия» қалалық жарысына қатысатын педагогтерді ұйымдастыру**

2.1. Жарысқа Астана қаласындағы барлық мектептерден (жалпы және мамандандырылған) қазақ тілі мен әдебиеті және математика пәндері бірлестіктеріндегі мұғалім санына қарай әр мектептен келесі квотаға сәйкес қатыса алады:

- әр пән бірлестігінде 5 адамға дейін болса, 1 математика және 1 қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі;

- әр пән бірлестігінде 6 адамнан 10 адамға дейін болса, 2 математика және 2 қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі;

- әр пән бірлестігінде 10 адамнан 15 адамға дейін болса, 3 математика және 3 қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі;

- әр пән бірлестігінде 16 адамнан көп болса, 4 математика және 4 қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі.

2.2. Бұл кезеңде қатысушылар жеке тестілеуден өтеді. Тестілеуде мұғалімдер өз пәні бойынша сұрақтарға жауап береді (қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімдері оқу сауаттылығы, қазақ тілінің грамматикасы және әдебиет бойынша, математика пәнінің мұғалімдері математикалық сауаттылық бойынша).

2.3. Тестілеу аудан бойынша белгіленген мектеп базасында ұйымдастырылады. Өтетін орынды Әдістемелік орталық белгілеп, қатысушыларға алдын ала ресми дерек көздері арқылы (сайт, әлеуметтік желідегі парақшалар) хабарлайды.

2.4. Іріктеу кезеңінің қорытындысы бойынша әр ауданнан ең жоғары ұпай жинаған 10 математика және 10 қазақ тілі пәнінің мұғалімі қалалық кезеңге жолдама алады. Әр пән бойынша іріктелген 10 мұғалім 2 командаға бөлінеді (5 қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, 5 математика пәнінің мұғалімі). Осылайша әр ауданнан 2 командадан барлығы 12 команда қатысады. Мамандандырылған мектеп мұғалімдері бөлек, 13-ші команданы құрайды.

2. «Ой-сандық»: оқу & математикалық сауаттылық- табысты синергия» қалалық жарысын өткізу

3.1. Қалалық кезең жұптық, топтық, командалық (финал) сайыстар түріндегі үш нысанда өтеді. Бұл кезеңде қатысушылар жұппен және топ болып кіріктірілген тапсырмаларды орындайды.

3.2. Жұптық сайыста 1 қазақ тілі мен әдебиеті және 1 математика пән мұғалімі оқу & математикалық сауаттылық тапсырмаларын бірге орындайды.

3.3. **Жұптық сайыс** – үш кезеңнен тұрады. Әр кезеңде үш мәтін беріледі және мәтіндердің деңгейі бойынша уақыт әртүрлі болады. Екі мұғалім әр мәтіннен төрт сұраққа жауап береді. Сұрақтың жауабы сол сәтте электронды таблодан көрсетіледі.

Жұптық сайыста жүлделі орындар қатысушылардың пайызы бойынша төмендегідей анықталады:

- 1) Бас жүлде – 1;
- 2) I орын - 7% — 9% аралығында;
- 3) II орын - 12% — 14% аралығында;

4) III орын – 20 % 25% аралығында.

3.4.Топтық сайыс - 5 кезеңнен тұрады. Әр ауданнан келген мұғалімдер бір топта берілген мәтін бойынша талдап, тапсырмаларды орындайды. Әр кезеңге 10 минут уақыт беріледі. Әр мәтінде 4 сұрақ болады. Топтық сайыста ең жоғары ұпай жинаған командалар командалық сайысқа (финалға) өтеді.

3.5. Командалық (финалдық) сайыста командаларға түрлі тақырыптық айдар ұсынылады. Әр тақырыптық айдар бойынша 10, 20, 30, 40 ұпайлық тапсырма беріледі. Команда дұрыс жауап берсе, толық ұпай беріледі. Жауап бере алмаған жағдайда «0» ұпай беріледі және жауап беру мүмкіндігі қарсылас командаларға беріледі. Қарсылас командалар бұл мүмкіндікті қолданбауына да болады. Егер қолданған жағдайда, қарсылас команда дұрыс жауап берсе - толық ұпай беріледі, ал қате жауап берсе -10 ұпай шегеріледі.

4. «Ой-сандық: оқу & математикалық сауаттылық- табысты синергия» қалалық жарысына қатысушыларды марапаттау

4.1.Үздік нәтиже көрсеткен мұғалімдерге командалық және жұптық сайыс қорытындысы бойынша бас жүлде, I, II, III орындармен марапатталады.

4.2. Барлық қатысушылар Астана қаласының Әдістемелік орталығының сертификаттарымен және «Зерделі» ақыл-ой дамыту мектебінің дипломдарымен марапатталады.

4.3. Үздік нәтиже көрсеткен қатысушылар республикалық кезеңге жолдама алады.